

МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ



3

САБЫР ШАРИПОВ:  
СТОЯВШИЙ У ИСТОКОВ НЕФТИ



6

ОЛАРДЫҢ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУСІЗ



7



# Ембі ТЫНЫСЫ

№9 (93)  
МАУСЫМ  
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



## 100 ЖЫЛ МҰРАМЫЗДЫ САҚТАП, САЛТЫМЫЗДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДАМЫЗ ЕМБІНІҢ ЖАС МАМАНДАР КҮНІ ОСЫНДАЙ ҰРАНМЕН ӨТТІ

Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерден 140 жас маманның басын қосқан шара 2 күнге созылды.

Алғашқы күні жас мамандармен «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН кездесіп, сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Компанияның 100 жылдығына арналған іс-шаралар аясында жас мамандарға арналған форумның өткізілуі үлкен мағынаға ие екендігін жеткізді.

- Жас мамандар күнін өткізудегі мақсатымыз – жастарды компанияның өндірістік және стратегиялық міндеттерін шешуге белсенді атсалысуға ынталандыру, сондай-ақ, жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, жас мамандардың бойында корпоративтік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады, - деп атап өтті Е.Қайыржан.

Айта кетейік, Жас мамандар күні Ембі аумағында осымен үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұған дейін Жас мамандар күні 2017 жылы Ембінің 95 жылдығына және 2019 жылы Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен Жастар жылына орай өткен болатын.

Бас кеңсегінің акт залында өткен кездесуде сөз алған ЕМГ Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА шараға қатысушыларды Жас мамандар күнінің жадынамасымен таныстырды.

- Әлемді әбігерге салып, 2 жылға созылған пандемиядан соң сол игі дәстүрді кері жалғау мақсатында бүгін тағы бас қосып отырмыз. Биылғы шараның маңыздылығы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылғанына 100 жыл толуына орай өткізілуінде болып отыр.

Әрқайсысыңыз осы ғасырлық тарихы бар компанияда бір кірпіші болып қаланып, тарих қойнауына өз ізіңізді қалдырып жатырсыздар. Есімдері елге танылған майталман мұнайшылар салып кеткен сара жолды бүгін сіздер абыроймен жалғап келесіздер. Соның бір дәлелі - жуырда өткен «Үздік маман» байқауында шеберліктерімен ерекшеленіп, жүлделі орындарға ие болған жұмысшылардың басым көпшілігін жас мамандар құрады. Жарқын болашақтың кепілі - білімді де білікті жастардың қолында деген қағиданы ұстанатын «Ембімұнайгаз» компаниясы сіздерге – жас мамандарға үлкен үміт артады, - деп атап өтті Г.Шарафетдинова.

(Басы. Жалғасы 4-5 беттерде)

Әріптестік байланыс**ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ МАМАНДАРЫ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ**

Газетіміздің бұған дейінгі сандарының бірінде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті мамандарының бастамасымен «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ-на қарасты еншілес мекемелердің арасында тәжірибе алмасу шарасының қолға алынғаны жөнінде жазған болатынбыз. Маңғыстау облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан басталған шара өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде жалғасты.

Көрші Маңғыстау облысындағы іргелі ұжым - «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы Жаңа-Өзен қаласы жұртшылығының мұң-мұқтажын жоғары мінбелерде көтеріп, тиісті нәтижеге қол жеткізе білген кәсіпорынның бірі. Қол жеткізген табыспен шектелмеуді көздеген әріптестер, осы тұрғыдағы жұмыстарын одан сайын тереңдете түсуді көздеп отыр. Өзенмұнайгаздық және ембілік мамандар жұмысшыларға көрсетілетін әлеуметтік қамқорлықтар мен осы мақсаттағы іс-шаралардың заманауи деңгейде болуы тұрғысында әрдайым бірлесе еңбек етуде. Мұнайшылардың алаңсыз еңбек етулеріне бар жағдайды қарастыру, еңбек адамының жан-жақты әлеуметтік қолдауға ие болуын нәтижелі етуді көздеген әлеуметтік саласының мамандары осы тұрғыда әркез ізденіп, өзара бірлескен жұмысты жандандыруды өзекті санайды.

Ембі өңірінде өткен екіжақты кездесу барысында кен алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың жұмыстары, қарапайым еңбек адамына және оның отбасына көрсетілетін әлеуметтік көмектер мен



медициналық сақтандыру шараларын одан әрі жақсарту түсу сияқты мәселелер ортаға салынып, кең талқыланды.

Мұнайшылар арасында өндіріс мәдениетін дамыту жәйі де бүгінгі күннің басты тақырыптарының

бірінен саналады. Кен алаңдарында көгалдандыру шараларына білек сыбана кірісіп жүрген мамандар - әлеуметтік саланың қызметкерлері. Кездесу барысында осы және өзге де мәселелер жан-жақты баяндалды.

Маман пікірі**ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ МАҚСАТ**

**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығы әрбір жұмысшының жұмыс ортасында алаңсыз еңбек етуіне жағдай жасауды жеті назарда ұстап келеді. Еңбек адамының қауіпсіз ортада сапалы еңбек етуіне мүмкіндік орнату - басым бағыттың бірі. Бұл орайда, өткен жылы «Ембімұнайэнерго» басқармасында арнаулы киім және жеке қорғаныс құралымен қамту жобасы пилоттық жүйеде іске қосылған болатын. Бұл жобаның мақсаты - жұмысшыларды күнделікті жұмысқа ыңғайлы киіммен қамту. Жұмысшылар тарапынан бұрынғы киім үлгісіне қатысты сын пікірлер айтылып келгені де баршаға аян. Осы олқылықтың орнын толтыру аясында қолға алынған аталмыш жоба туралы жұмысшылардың пікірлеріне құлақ түрсек...**



Өндірістегі мамандардың арнаулы киімдері және қорғаныс құралдарының ыңғайлы әрі қауіпсіз болуын компания басшылығы үнемі назарда ұстап отырғаны көңілімізге ризашылық сезімді оятады. Бұрынғы киімдеріміз шынын айту керек, үнемі

**Арнаулы киімдеріміз денемізге қонымды**

денемізге қонымды бола бермейтін. Біздер, әйел адамдар жұмыста да, үйде де ортамызда таза әрі үйлесімді киініп жүргіміз келеді. Осыған сәйкес, бұрынғы киімімізді әркім өзінше тарылтып, денесіне қонымды болу жолдарын іздеп отыратын. Қаладағы ательелерге барып, өз қалтамыздан ақша төлеп, жұмыс киімдерін денемізге қонымды етіп алушы едік. Енді бұл қолбөгеу жұмыстардан құтылды. Себебі, біз еңбек ететін басқармада тігін цехы ашылып, арнаулы киімдерді әрбір адамның дене өлшеміне қарай ыңғайлап алуына мүмкіндік орнады. Басқармадағы арнайы ашылған орталыққа келіп, ыңғайсыздық тудырған арнаулы киімді кері тапсырып, денемізге шап-шақ етіп аламыз. Ол үшін арнайы тігін цехы мен киім өлшемдерін анықтайтын орталықтың ашылуы да көптен күткен жаңалығымыз еді. Айта кету керек, сұранысымыз тез арада орындалады.

Алтын Иманкулова,  
«Ембімұнайэнерго»  
басқармасының электр  
жабдықтарын жөндеу  
бөлімшесінің электр  
машиналарының  
элементтеріне сым ораушы

**Арнаулы киімдер жергілікті ауа райына ыңғайластырылған**

Осыдан біраз уақыт бұрын жұмысшылардың тарапынан күнделікті жұмысқа киетін арнаулы киімдердің матасы жергілікті ауа райына ыңғайсыз екені жиі айтылатын еді. Үнемі ашық аспан астында жүріп еңбек ететін жұмысшылардың ренішті пікірлерін түсінуге болатын. Арнаулы киімдеріміз жазда ыстық, ауа жібермейтін. Күн ұзағына аспан айналып жерге түсетіндей ыстықта денемізді қысып тұратын киіммен таңертеңнен кешке дейін жүру өте ыңғайсыз екенін айтудың керегі де болмас. Ал, керісінше қыстың аясында мата суық тартушы еді. Бытырдан бері осы проблемадан құтылды. Ендігі арнаулы киімдеріміз жергілікті климатқа шақталған, матасы жеңіл, жазда ыстық өткізбейді, қыста суықтан қорғайды. Жаңа арнаулы киімнің матасы денемізге жұмсақ тиеді, жұмыс кезінде өте ыңғайлы.

Бексұлтан Жоламанов,  
«Ембімұнайэнерго»  
басқармасының «Прорва»  
аудандық электр торабының  
реттеу және сынау жөніндегі  
инженері

Басшының ұжым мүшелерімен ұдайы байланыста болуы, Жұмыс беруші мен жұмысшының арасын жалғап жататын емен-жарқын кездесулер кез-келген проблеманың алдын алатыны даусыз. Ембі өндірісінің көрсеткіштерімен танысу, мұнайшылармен кездесу, олардың жағдайын жан-жақты білуге тырысу соңғы уақыттарда көшпелі форматта тұрақты ұйымдастырылып келеді. Әр айдың қорытындысы бойынша онлайн жиындар да өз кезегінде жүзеге асуда. Осы және өзге де мәселелер біздің сұхбатта.

- Есен Қайыржанұлы, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығы корпоративті басылым - «Ембі тынысы» газетінің оқырмандарымен тұрақты жүздесіп отыруды әркез назарда ұстайды. Жыл басында елде болған оқиғалар бәрімізді дүр сілкіндіріп, ойлантып тастады. Қиын сәттерден ембіліктер қалай шықты?

- Иә, әңгіме бастауын 2022 жылдың алғашқы айларында болған елдегі саяси толқуларға тоқталудан бастағаным жөн болар. Елдігіміз сынға түскен «қасіретті қаңтар» оқиғасы кезінде еліміздің біраз өңірлерінде тәртіпсіздіктер орын алғаны баршаға аян. Жағдайдың қиындығын түсінген әрбір мұнайшы үлкен сабырлылық пен саналылықты көрсете білді. Сыртқы күштердің салдарынан елдің қауіпсіздігіне қатер төнген мезетте ембілік мұнайшылар бірге жұмыла білді. Өндіріс 1 минут та тоқтамағанын баса айтқым келеді. Бұл – ұжымдағы осы уақытқа дейін орын алып келген бірлік пен татулықтың нақ көрінісі деп үлкен ризашылықпен айтамын. Ұжымшілік байланыстың жолға қойылғандығынан біз уақытша қиындықтан дереу шыға білдік. Өндіріс басында қалған мұнайшыларға азық-түлік, ауыз су үздіксіз жеткізілді.

2022 жылдың 1-тоқсанының қорытындысымен сөйлер болсақ, жыл басынан бері 627 444 тонна өнім артығымен орындалды. Осы кезеңде 622 000 тонна мұнай тапсырылды. «Жайықмұнайгаз» бен «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ры өздерінің жыл басынан бергі жоспарларында бекітілген көрсеткіштерін артығымен орындауға қол жеткізді.

Өндіріс алаңдарындағы модульді жылу қазандарының құрылыс-монтаж жұмыстары қолға алынып, өндірістік нысандарды толықтай жылумен қамту мәселелері шешімін тауып келеді. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Оңтүстік Батыс-Қамысты кен алаңында іске қосылған нысанның тиімділігін көріп отырмыз. Жаңаталап, Оңтүстік Батыс-Қамысты, Забурын (Жайықмұнайгаз), Терең-Өзек, Прорва (Жылыоймұнайгаз), Солтүстік Жолдыбай (Доссормұнайгаз), Кенбай (Қайнармұнайгаз) кен орындарындағы әлеуметтік нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мұның бәрі – жұмысшының әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында қолға алынған шаралар.

- Компанияның әрдайым басымдық беретін бағыттарының бір – жұмысшының алаңсыз, қауіпсіз ортада еңбек етуіне жағдай жасау. Ембілік мұнайшылардың қауіпсіздігі қаншалықты қорғалған? Экологиялық талаптарды сақтау барысына да тоқтала кетсеңіз.

- Өнім өндірісін тұрақты орындауға қол жеткізе отырып, қарапайым мұнайшының қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуіне барлық жағдайды назарда ұстаудамыз. Компания жұмысшының әлеуметтік жағдайы мен денсаулығына басымдық беретінін әркез айтып отырамыз. Өндірісте техникалық қауіпсіздікті сақтау өзекті саналып келеді, осылай жалғаса да бермек. Осы тұрғыда өзекті деген жобалар, іс-шаралар дереу

**ЕСЕН ҚАЙЫРЖАН, БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ:**

## МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ



қолға алынуда. Атырау мен Құлсары қаласындағы «Интертич» клиникасы мен «Медикер» ЖШС-мен бірлесе отырып, жедел әрекет ету мақсатында WhatsApp желісінде ортақ чат аштық. Барлық басқармалардан жедел хабарламалар дереу чатқа жүктеледі. Өз кезегінде жедел нәтижесін аламыз. Жұмысшылар арасында медициналық тексеруді сапалы жүргізу үшін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен алаңындағы «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығында медициналық тексеруді автоматты жүйеде ұйымдастыру жобасын енгізуді қолға алдық. Қысқаша айтсақ, шлюз қондырғылары орнатылды. Шлюз-қондырғылары арқылы адамның дене температурасы, қан қысымы, ішімдік ішкен-ішпегені дереу анықталады. Мұның барлығы – өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы іс-шаралар.

Қолға алынып жатқан **экологиялық мәселелерге** тоқталсақ. Соңғы уақыттарда мұнаймен ластанған тарихи жерлерді кезең-кезеңімен тазарту жұмыстары жақсы жүріп келеді. Жалпы, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша тарихи ластанған жерлерді тазарту жұмыстары 2005 жылдан бастап батыл қолға алынуда. Нәтижесі де жақсы. Қазіргі уақытта «Жайықмұнайгаз», «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да тарихи ластанған жерлер толықтай тазартылды. Қалған өндірістік басқармалары бойынша жұмыс жалғасып жатыр. Мақсатымыз – Ембі кеніштерін тарихи ластанған жерлерден толықтай тазартып, экологиялық талаптарды сақтау болып табылады.

- Негізінен байырғы кеніштермен жұмыс істеп келе жатқан компания үшін маңызды шараның бірі – қордың көлемін арттыру. Бұл орайда, соңғы 2-3 жылда айтылып жүрген мәселенің бірі – Жылыой ауданының аумағындағы Батыс Қарасор құрылымы. Құрылым туралы толығырақ айта кетсек. Бүгінгі таңда қандай жұмыстар қолға алынып жатыр?

- Бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі – Ембі өндірісінде мұнай қорының көлемін арттыру жолында жұмыстану, ресурстық базаны ұлғайту. Бұл орайда, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Батыс Қарасор құрылымында Кеңес заманында (1961-1982 ж.ж.) бұрғыланған 3 ұңғыманы қалпына келтіру жұмыстары қолға алынып, сынау жұмыстарының нәтижелерінде 1100-1200 метр тереңдіктен төменгі бор шөгінділерінен мұнай табылды. Сөйтіп, 2019 жылы Қаратон-Сарықамыс блогындағы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша Батыс Қарасор кен орны ашылды.

Айта кетейік, Батыс Қарасор тұзүсті кен орны Қаратон-Сарқамыс блогының геологиялық тармағы маңында Теңіз кен орнының үстінде орналасқан. Осы орайда, «Теңізшевройл» ЖШС-мен келіссөздер жүргізілуде. 2018-2019 жылдары қолға алынған екіжақты келісім жұмыстар пандемияға қатысты шектеулерге тап болып, жұмыс уақытша тоқтап қалған болатын. Кейін шектеулер алынған соң, келісім жұмыстары қайтадан жанданды. Сервитут шарты жасақталынып, екі жақты комиссия құрылды. Кен орнын бірлесе көзбен шолу арқылы территориямен танысу жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде, ұңғымаларды бұрғылау алаңының құрылысына кедергі келтіретіндей нысандар анықталған жоқ. ТШО тарапынан 1 ұңғымаға келісім берілді. Дереву есеп жүргізілді. Мұнай фонтаны анықталды. Енді №20, №21 ұңғымаға бұрғылау жұмыстарын жүргізге дайын отырмыз, әзірге, келісім алынбай отыр. ТШО аумағында орналасқан Батыс Қарасор кен алаңында бұрғылау және жарақтандыру, жабдықтау жұмыстарын жүргізу жоғары билік араласқанда ғана оң шешіледі деп күтілуде. Әзірге, бұл жұмыстар тоқтап тұр. 2022 жылдың 1-маусымындағы көрсеткішке тоқталсақ, кен алаңын игеру 82,5 мың тонна мұнай, 25,3 мың тонна су, 4581 мың текше метр газ өндірілді. Егер Батыс Қарасор құрылымынан көздегеніміздей, жұмысты бастап кетсек, бұл Ембінің қор ресурсының айтарлықтай молаюына мүмкіндік беретіні даусыз. Қайталап айтамын, ембілік мамандардың тарапынан бар жұмыс қолға алынды, нақты нәтижеге тек жоғары жақтан тиімді шешім болғанда ғана қол жеткізе аламыз. Әзірге, жұмыс тоқтап тұр.

- 2022 жылдың «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы үшін маңыздылығы жоғары. Ембі мұнайына биыл – 100 жыл. Мерейтойға қатысты мерекелік бағдарлама да бекітілді. Енді осы мерекелік шараларға қатысты әңгіме бағытын бұрсақ.

- Осы маңызды датаға орай ұйымдастыру жұмыстары жыл басынан бастап қызу қолға алынды. Жұмыс тобы құрылды, кездесу, ақылдасу жиындарының нәтижесінде «Ембі-100» іс-шаралар бағдарламасы бекітілді. Аталмыш бағдарламаны «ҚазМұнайГаз»ҰК»АҚ басшылығы алдында бірнеше мәрте таныстырып, қорғап шықтық. Бағдарламаның аясында мұнай-газ өндіру басқармалары қызмет етіп жатқан төрт ауданда (Жылыой, Исатай, Қызылқоға, Мақат) әлеуметтік нысандар салынып, жергілікті жұртшылықтың игілігіне табысталмақшы. Нақтыласам, Жылыой ауданында

мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған коррекциялық кабинет ашу жоспарланып отыр. Аққыстау, Мақат, Доссор мен Мұқыр ауылдарында көп функционалды спорт алаңдарын салуды қолға алмақшымыз. Ардагер мұнайшылар көптен бері көтеріп жүрген мәселе де осы мерейтойдың аясында нәтижесін табады деп отырмыз. Барша мұнайшылардың құрметіне арналып салынғалы отырған «Мұнайшылар даңқы» аллеясы жергілікті халықтың игілігіне арналған заманауи демалыс орны болады деп сенеміз.

Біз ардагерлердің Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуына қосқан сүбелі үлестерін ешқашан да ұмытпаймыз. Әркез зор құрметпен айтып жүреміз. Осы мерекенің қарсаңында бір топ ардагердің Түркістан қаласына арналған экспедициясын ұйымдастырдық. Елдің елдігін, бірлігін айғақтайтын сала – мәдениет пен өнер. Бұл бағытқа да айрықша назар аударылды. Үнемі дала төсінде, ашық аспан астында жүріп, қиындықтарға қарамастан ел қазынасын еселеу жолында табысты еңбек етіп жүрген ембілік мұнайшылардың мәдени демалысы үшін бірқатар өнер шараларын қолға алдық. Мәдениет қайраткері И.Жақановтың шығармашылық кеші мен Алматыдан арнайы шақырылған М.Әуезов атындағы ұлттық драма театрының гастрольдік сапары да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың арасында «Біз бақыттымыз» өнер шарасы, мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған республикалық спорттық шара, кезегін күткен мұнай-газ өндіру басқармалары орналасқан төрт аудандағы мерекелік концерттік бағдарламалар, марапаттау салтанатты шаралары, Атырау қаласындағы Open Air гала-концерті сынды кешенді шаралар кезең-кезеңімен жүзеге аспақшы.

- Жуырда өткен «Жас мамандар күні» шарасы «Ембімұнайгазға» қарасты барлық басқармаларда еңбек ететін жас мамандарды біріктірді. «Ембі-100» бағдарламасының аясында өткен шараның мақсаты да талантты жас мамандарға қолдау көрсету деп түсінеміз.

- Компанияның 100 жылдығына орай «Жас мамандар күні» шарасы «100 жыл мұрамызды сақтап, салтымызды жалғастырамыз» ұранымен өтті. Екі күнге созылған шараға Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелерден 140-қа жуық жас маман қатысты. Бұл шара жастарды компанияның өндірістік және стратегиялық міндеттерін шешуге белсенді атсалысуға ынталандыру, сондай-ақ, жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, жас мамандардың бойында корпоративтік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында өтті. «Жас мамандар күні» шарасы аясында ембілік жастардың «Үздік жобалар» байқауында 18 жұмысы сынға түсті. Әрбір шараның нәтижесі бар дегендей, жас мамандардың арасында өткен «Үздік жобалар» сынына топ жарып, алға шыққандарға алдағы уақытта үлкен қолдау көрсетілетінін атап өткім келеді. Мәселен, осы шараға арнайы шақырылған С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ректоры Г.Шакуликова «Ембімұнайгаз» АҚ-ны «Алтын әріптес» сыйлығымен марапаттап, қызметкерлерді магистратурада оқыту үшін 3 грант бөлінгенін атап өтіп, сол залда грант табыс етілді. Бұл да жас мамандарға үлкен стимул болғанын атап өткен жөн. Біз осындай шараларды тұрақты ұйымдастыру арқылы талантты, білімді жас мамандарға әркез қолдау көрсетеміз.

- Сұхбатыңызға рахмет!



# 100 ЖЫЛ МҰРАМЫЗДЫ САҚТАП, ЕМБІНІҢ ЖАС МАМАНДАР

## Демалыс базасындағы бір күн

«Бесікті» демалыс базасында өткен форумның алғашқы күні командалық рухты дамытуға бағытталған жарыстарында жас мамандар 16 командаға бөлініп, пейнтбол мен «Этно-стиль» тимбилдинг ойындарына қатысты.

Айтып өтсек, асық ату, ләңгі тебу, бұқа тартыс, «көкпар», садақ ату және т.б. Бұл ойындарды ұйымдастырудағы мақсат – компания жастары арасындағы командалық, достық қарым-қатынасты нығайту, ұжымшілік бірлікті нығайту. Жарыстар қорытындыларын арнайы координаторлар бақылап жүрді.

Шара соңында командалық және жекелей спорт түрлерінің жеңімпаздары мен белсенділікпен қатысқан жас мамандарға және номинациялар бойынша барлық қатысушыларға дипломдар мен сертификаттар, сыйлықтар табыс етілді.

## «Өтірік» импрессивтік спектаклі

Форумның екінші күні «Ренессанс» қонақ үйі залында жалғасып, жастарға тәлім аларлық, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін меңзеген шаралар өтті.

Мұнда жас мамандар «Өтірік» («Ложь») импрессивтік спектакліне қатысты. Ойынға шартына шолу жасап өтсек, 70 қатысушы, 10 ойын үстелі. Әр қатысушы – банк басшысы. Бір үстелде жиналған банктер – бір мемлекет. Ал, толған зал әлемдік қаржылық нарықты құрайды. Яғни, әр жас маман көрермен емес, спектакльде өздері ойнады. Ойын шартын өздері белгілеп, бүкіл әлемнің және белгілі бір мемлекеттік экономикалық курсы өздері анықтауға мүмкіндік берілді.

Қаржылық білім деңгейіне қарамастан, әр қатысушы ойынға белсене кірісіп кетті. Әлемдік дағдарыстың себебі неде? Банктер қызметі қалай жүзеге асады? Әлемдегі бай адамдар қалай қызметтерін жүргізеді? Ембілік жас мамандар жаңа спектакль форматындағы ойын арқылы осы сауалдарға жауап алды.

Спектакль болып жатқан уақытта, қатысушылардың келесі тобына түрлі тақырыптарда корпоративті шеберлік сыныптары өткізілді. Атап айтсақ, «Корпоративті мәдениет негіздері және корпоративтік құндылықтар»;

«Әлеуметтік желілердегі мәдениет»; «Жеке қаржыны басқару» және Математикалық тұрғыдағы ойынқұмарлық» тақырыптарында өткен тренингтер де қатысушыларды бей-жай қалдырмады. Шеберлік сыныптары соңында ембілік жастар өздерін толғандырған сауалдарға тренерлерден тұшымды жауаптар ала білді.

## «Үздік жоба» авторлары

Жас мамандарға арналған екі күндік форум С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында орналасқан Н.Балғымбаев атындағы орталықта ұйымдастырылған

- Бұқа тартыс ойынының жеңімпазы – Парасат Нұрғалиев;
- Асық ату ойынының жеңімпазы – Дастан Әділбекұлы;
- Қой көтеруден жеңімпаз – Жалғас Шуақбаев;
- Садақ атудан жеңімпаз – Әлібек Әбілханов;
- Ләңгі тебуден жеңімпаз – Бердібек Әділов;
- «Батылдық пен ерлік» номинациясы – Қаби Қалыбек;
- «Шығармашылық ойлау» номинациясы – Сабина Бисенғалиева;
- «Белсенділік пен ынта» номинациясы – Исатай Теміров;
- «Команда майталманы» номинациясы – Анар Құрманова;

## Тимбилдинг ойынынан:

- III орын – «Атырауские комары» командасы;
- II орын – «101» командасы;
- I орын – «Чемпион» командасы.

## Пейнтбол ойынынан:

- III орын – «Драйв» командасы;
- II орын – «100» командасы;
- I орын – Намыс» командасы.



«Ембі live» шарасымен қорытындыланды.

Биыл «Жас мамандар күні» аясында жас мамандар арасында «Үздік жобалар» байқауы өткен болатын. Байқауға мұнай-газ саласы бойынша 18 жұмыс түсті. «Ембі live» шарасы осы байқауға қатысушылар мен

жеңімпаздарды марапаттаумен басталды.

Арнайы құрылған комиссия мүшелері барлық жобамен танысып, Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының «Қосшағыл» цехының шебері Ислам Сабыр мен осы басқарманың 4-інші разрядты





# САЛТЫМЫЗДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДАМЫЗ КҮНІ ОСЫНДАЙ ҰРАНМЕН ӨТТІ



КИПИА слесарі Қаби Қалыбектің (мұнай және газ өндіру процестерін арттыру, өндірістік көрсеткіштерді жақсарту бағытындағы жоба), «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының операторы Төлеу Бағытжановтың (кен орындарын тиімді игеру, геологиялық-техникалық шаралар бағытындағы

жоба) және «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының инженері Лаура Тұрсынбаеваның (қоршаған ортаны қорғау бағытындағы жоба) жобаларын үздік деп таныды. Шара барысында үздік жоба авторлары мен байқауға қатысушыларды ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан

арнайы статуеткамен, сертификатпен марапаттап, құттықтады.

## Ембі – оқу орнының «Алтын серіктесі»

Жиын барысында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің ректоры Гүлзада Шауликова шараға қатысушыларға «қош келдіңізін» айтып, 100 жылдық мерейтоймен құттықтады.

Мұнай-газ саласы мамандарын даярлайтын бірден-бір оқу орны С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университеті мен «Ембімұнайгаз» АҚ арасында әріптестік байланыс мықты орныққан. «Дуалды оқыту» бағдарламасы бойынша университетті тәмамдаған түлектер бүгінде Ембі өндірісінде еңбек етуде.

Екі жақты іскерлік байланыс нәтижесінде жас мамандардың болашағына жарқын жол ашқан Ембі ұжымына университет ректоры Гүлзада Тәңірбергенқызы алғысын білдіріп, оқу орнының «Алтын серіктесі» атағы сыйлығын, сонымен қатар, сала бойынша мамандарды магистратурада оқытуға 3 грантты ЕМГ Басқарма төрағасына табыс етті.

## Думанды концерт

Белгілі тележүргізушілер Еркебұлан Мырзабек пен Марат Оралғазиннің жүргізуімен өткен «Ембі live» кеші – Жас мамандар күнінің қорытынды шарасы болды.

«Ембімұнайгаз» АҚ бас технологы Марат Елеусинов, футболдан Еуропаның үздік бомбардирі Біржан Оразов, триллер жанрындағы отандық 5:32 фильмінде басты рөлдерді сомдаған актерлер, әншілер Әбілмансұр Серіков пен Қобыланды Болат «Ембі live» кешінің қонақтары болды. Сонымен қатар, Kalifarniya, Айқын «Ембі live» сахнасында өз өнерлерін ортаға салды.

**PS. Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті, Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті ұйымдастырған шара көптің көңілінен шықты.**

## Дария ЕРБОЛАТОВА, «Ембімұнайэнерго» басқармасының жас маманы:

«Мен мұндай ауқымды шараға алғашқы рет қатысып отырмын. Екі күн бойы өткен әр шараға тыңғылықты дайындалған. Өзіме ерекше әсер алдым. Ерекше ой түйдім. Әсіресе, «Өтірік» спектаклі бүкіл ой-санамды өзгертіп жібергендей болды. Шын мәнісінде, спектакль тек ойын ғана емес, астарында үлкен мағына жатыр. Біздің қаржылық сауаттылығымызды арттыру, құмар ойындар жетегіне еріп кетпеу, уақытымызды тиімді пайдалану. Осының бәрін бір сағат уақытқа сыйғызып жеткізу үлкен шеберлікті талап етті.

Үнемі теледидардан көріп жүрген, қазіргі жастар арасында танымал өнер, спорт жұлдыздарымен кездесу де – үлкен тосынсый болды.

Тамаша көңіл-күй сыйлаған шараны ұйымдастырушы – HR, әлеуметтік саясат блогы мамандарына ембілік жастар атынан алғыс білдіремін.

\*\*\*

## Тоқтар НЫҒМЕТОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жас маманы:

Бұған дейін жас мамандардың басын қосатын мұндай шара 2019 жылы өткен болатын. Кейін пандемия бәрімізді қыспаққа алып, шындығында, ембілік жастардың арасында байланыс болмай қалған. Жастар – болашақ екенін, компанияның бізге деген сенімін, қолдауын үнемі сезініп келеміз.

Шаралардың барлығы біздің жеке және кәсіби дамуымызға бағытталған. Әр қатысушы жас маман өзіне қажеттіні алды деп есептеймін. Ми қызметін жетілдіруге, тез шешім қабылдауға үйретті. Денемен ғана емес, ой-санамен жұмыс жасау қызмет барысындағы күнделікті әрекеттерді оңтайландыру, өндіріс процесін жақсарту, жұмыс кеңістігін ұйымдастыру және жүйелендіруге жол ашатынын бүгін тәжірибе жүзінде көріп отырмыз. Ойға түйгеніміз, жұмыс барысында күнделікті қызметіміз, қабылдайтын шешіміміз өндірістік процестің жақсы немесе нашар жүруіне бірден септігін тигізеді. Мұның бәрі Компанияның құндылықтарымен тікелей байланысып жатыр.



Память

# САБЫР ШАРИПОВ: СТОЯВШИЙ У ИСТОКОВ НЕФТИ

Одним из ярких личностей в 100-летней истории Эмбаунайгаза является Сабыр Шарипов. Именно под его началом, в 20-30-е годы прошлого столетия на территории Эмбы заработали первые скважины по добыче нефти. С именем С.Шарипова связано открытие первых учебных заведений на Эмбе. Что же известно о жизни и деятельности грамотного управленца, производственника, ученого-геолога, стоявшего у истоков становления нефтяной промышленности Казахстана?



Как свидетельствуют архивные данные, Сабыр Шарипов родился в 1882 году в татарской деревне Варзи Агрызского района, где прошло его детство. Потеряв родителей, в 12 лет Сабыр начал трудиться, чтобы прокормить двух маленьких сестер. 15-летний парнишка покидает родную деревню в поисках счастья, подрабатывая медресе, где умудрился выучить арабскую грамоту. После долгих мытарств его принимает на черновую работу крупный татарский купец Фаттах Рамазанов, прибывший из города Павлодара Семипалатинской губернии. Так молодой человек впервые попадает в казахскую степь. В 1904 году Шарипов начинает работать рядовым служащим, а затем помощником заведующего сельскохозяйственным складом сельхозмашин в Акмолинске, затем в Атбасарском уезде Сарысуйской волости.

В 25 лет Сабыр женился на дочери Жусупа Губайдуллина Хадише. «Длительное пребывание в аулах, женитьба на казахской девушке навек породнили Сабыра со степным народом», - пишет в своей книге «Сабыр Шарипов» доцент, кандидат филологических наук Ермек Утебаев. В 1916 году начинается революционная деятельность С.Шарипова. С марта 1921 года - он заместитель Акмолинского губернского комиссара продовольствия, затем председатель губернского исполкома.

В январе 1924 года инженер-геолог, писатель, общественный деятель Сабыр Шарипов решением ЦК ВКП(б) и ВСНХ был направлен уполномоченным Центрального Комитета партии в Урало-Эмбинский регион Западного Казахстана (в г.Гурьев) для разработки и налаживания нефтяного промысла. Он был официальным представителем казахского обкома партии на Эмбе. С.Шарипов работает заместителем управляющего трестом «Эмбанефть». При его непосредственном участии и руководстве были открыты и освоены 22 нефтяных месторождения на Эмбе - Иманкара, Таскудук, Курсай, Доссор, Макат, Байшонас и другие.

По приказу вышестоящего руководства Сабыр Шарипов был назначен заместителем управляющего союзным трестом и по совместительству начальником нефтяного промысла Доссор, директором Доссорской и Кулсаринской конторы глубокого бурения.

Он стал инициатором реконструкции типового поселка нефтяников в Доссоре, основу которого в начале XX века заложили европейские промышленники Э.Нобель и Н.Леман, а также открытия Доссорского горно-промышленного ученичества для подготовки специалистов нефтяного производства. В Гурьеве открыл ФЗУ, которое в 1930 году переведено на 3-х годичный срок обучения. В эти годы в Гурьеве также были созданы краткосрочные курсы для подготовки учителей. В работе курсов активное участие приняли выпускники Ленинградского педагогического института им. А.И.Герцена.

Его научные и популярные статьи о Гурьеве и нефтепромыслах были опубликованы в журнале «Кызыл Қазақстан» и в газете «Советская степь».

Компетентность, глубокое знание геологии переданы им в документально-познавательной книге «Нефть», вышедшей в 1930-1931 годах. Эта книга стала азбукой для казахстанских нефтяников, а также учебным пособием по ознакомлению с историей нефти учащихся, студентов школ - ГорПромУча, ФЗУ, техникумов в Доссоре и г.Гурьеве.

Большинство читателей советской эпохи знают Шарипова как одного из писателей-публицистов, который первым в национальной литературе коснулся темы нефти и ввел в свои произведения образы нефтяников. Этой теме он остался верен до конца. Сабыр Шарипов был одним из первых руководителей - педагогов в республике, сформировавших систему политехнического образования. Он и дальше продолжил бы активное участие в деле перестройки нефтяной промышленности Казахстана, однако 15 мая 1941 года его плодотворная деятельность была незаслуженно прервана. Тяжелые и скорбные годы репрессий не обошли и Сабыра Шарипова.

Он был арестован НКВД и осужден на 15 лет. В архивах среди документов о Шарипове есть копия свидетельства о его смерти. «Умер 25 июня 1942 года, причина смерти - паралич сердца. Место смерти - город Гурьев». 10 апреля 1958 года военным Комитетом Верховного суда СССР дело в отношении Сабыра Шарипова было прекращено.

О чем писал тогда этот легендарный человек своим юным читателям - мальчишкам и девочкам ГорПромУча?

## Орал-Жем аймағы

Орал-Жем аймағы деп, Жем өзені мен Жайық өзендерінің аралығындағы аудандықты айтады. Орал-Жайық өзені де, Жем өзені де Каспий теңізіне келіп құяды. Осы екі өзеннің құйылысының аралығы 100 шақырымнан артығырақ, Жайық өзенінің басы теңізден тура Темірқазыққа кетеді де, Жем өзенінің басы күншығыс пен Темірқазықтың ортасына кетеді. Сол жердің

бәрін де, Ташкент пен Орынбор екі ортадағы от арба жолына дейін Орал-Жем аймағы дейді. Бұл аймаққа Гурьев (Үйшік) уезі түгелімен, Ойыл өзені түгелімен, Темір уезі түгелімен, Жымпиты уезінің дені және Адай елінің көп жері осыған қосылады. Қысқаша айтқанда бұрынғы Орал (Теке) губерниясының жарымынан артығы Орал-Жем аймағына кіреді. Осы аймақтың үлкендігі 100 мың шаршы шақырымдай болады деседі. Сол жүз мың шақырым ауданда, қай жерінен болса да, мұнайдың жер үстіне шығып тұрған белгісі табылады. Атағы шығып, жұртының аузына баяғыдан ілініп жүрген жерлер мыналар: Ақаткөл, Бекбике, Білеулі, Ескене, Ыстықжал, Қаратон, Матынғожа, Мұнайлы, Нармонданақ, Қамысқала, Сатыпалды,

Сартөбе, Тамдыкөл, Тасқұдық, Тентексор, Төлеген, Қарасу, Шеңгелді. Бұлары Доссор мен Мақатқа қарайды. Ауданның орталығына таман жерлері Ойылға таман: Ақши, Әлімбай, Жанғабак, Жосалысай, Иманқара, Қанжығалы, Қара Мұрат, Қарасай, Қойқара, Қона, Күтіртас, Қызылкөл, Тасберді, Түзүскен, Орысқазған, Шилісай, Темірқазық пен күншығысқа қарай жеткен бөлектері: Ақшоқы, Алашақазған, Жаманағаш, Жаманқабыланды,

Жуса, Дөңгелексор, Енесай, Кейкібас, Қияқтысай, Қона, Қарағанды, Қосқұл, Құрсай, Қызылжар, Майқұдық, Мартүк, Мұнайлысай, Мырза адыры, Сарылық, Сарқұдық, Таскемер. Осылардың бәрінен де мұнай үстіне шығып, білініп тұр. Кей жерлерінде құмдықта, балшықта саз болып жатады. Кей жерлерде құдықтардан шығады. Солардың үстіне шығып жайылады.

Орал өзенінің күнбатысында, Үйшік қаласынан армен қарай, Айдархан қаласына таман 3-4 жүз шақырым жерге дейін, әр жерде мұнай шығып жатқан жерлер бар. Қамысқала, Қаравзен деген жерлер сол жақта, бұл жерлер әлгі жүз мың шаршы шақырымға қосылмайды. Егер Айдарқанға шейін есеп қылсақ, ол араның өзі де жүз мың шаршы шақырымға жетерлік үлкен.

Бұл аймақтың мұнайлы жерінің үлкендігіндей жер дүние жүзінде бір жерде де жоқ. Баку болсын, Грозный болсын, Америкадағы мұнай шығатын Пенсильвани болсын, Орал-Жем аймағына жете алмайды. Соның үшін мұнай ғылымын білген мамандардың бәрі де Орал-Жем аймағы дүниедегі мұнайы білінген үлкен жердің бірі дегенді айтады. Мұның тағы бір жақсы жері: басқаларға қарағанда жерлердің шегінен алыста, Россияның орталығында тұр. Заман қай түрлі болып ыңғайсыздық кірсе де, бұл жердегі кәсіптің жүруіне ешқандай қауіп келетін емес. Және бір шеті теңіз жиегінде болып, бір шеті Волга өзенінен алыс емес. Бір шеті Ташкент от арба жолына барып тіреледі. Сондықтан өндірілген мұнай қандай көп болса да, жолы ашық теңізбен де, өзенмен де, от арбамен де қай жаққа болса да жөнелтіп тұруға болады. Орал-Жем аймағындағы мұнай 40-50 жылдан бері ізделініп жүрілген. Одан арғы жерде де, сондағы тұрған қазақтар мұнайдың бар екендігін білген, керегінше пайдаланған. Құдық қазып, не болмаса жердің, не судың үстіне шығып жатқан мұнайды алып жұмсаған. Ол мұнаймен қазақ кәсіп қылмаған.

Түйенің қотырына, адамның іші ауырғанда, болмаса қотыр болғанда ем қылып, сондайға ғана жұмсаған. Оның отын орнына жарайтынын білмеген, жағып пайдаланбаған. Сол қазақтар мұнайдың атын «Мұнай» деп қойған...

...Мақаттың оңтүстік жағында 4-5 шақырым жерді жүз құлаштай қазып еді. Адам айтқысыз жанатын газ фонтаны атылды. Газ фонтаны атылып тұрғанда үстіне қойған бұрғылау мұнарасын, саймандарды желдің екпінімен қиратып жатты. Қасына адам баруға қорқынышты, жақындап барғанда, құлақтың ішіне қалың қылып мақта тығып бармаса газдың дауысынан адам саңырау болып, құлақтан айырылып қалатындай күшті еді. Оны тоқтатма деп мамандар он бір күн ақалып таба алмай, сасып жүріп, ақыры он екінші күні тоқтатты. Бұған қарағанда бұл жерде көп мұнай бар шығар деген үміт күшті. ...Бұл Мақаттың аумағы Доссордан жиырма қабат үлкен...Орал-Жем аймағы туралы төменде жазылар. Өйткені, ол мұнай Қазақстанның қол астында болғандықтан қазақ оқушыларына толық баяндау дұрыс та болар, қызықты да болар.

С.Шарипов

\*\*\*\*\*

...Возглавить нефтяную геологоразведочную буровую экспедицию поручили Сабыру Шарипову. В те годы Сабыр Шариповбылбольшеизвестеннекакписатель,акакопытный и талантливый руководитель нефтяного производства. А до этого люди воспринимали его как пламенного и преданного делу революционера. Тогда, весной 1925 года, Сафи познакомился с Сабыром Шариповым. Именно благодаря Сабыру Шарипову шестнадцатилетний Сафи поступил учиться в ФЗУ. Тот самый Сабыр Шарипов во главе большой геологоразведочной экспедиции направляется в Кульсары, чтобы начать большую работу, полную надежд и сомнений, по разведыванию запасов месторождения...

Был один из таких волнительных дней. Силы сконцентрировались на буровой установке над соляным куполом в восточном крыле на скважине номер десять. Стояло лето.

Скважину бурила бригада Жауылбая Алдакова. - Жаке, когда дадите нефть?.. - Один Бог знает, - ответил он, поглаживая лысую голову, - думаю, этот день близок...

Бур был уже на глубине свыше одной тысячи метров. И тут откуда-то появился сам Сабыр Шарипов. И вскоре из десятой скважины выстрелил фонтан нефти.

Надежды оправдались. Радость и Сафи, и Сабыра, и Жауылбая, и всех буровиков была беспредельна. Сафи никогда не забудет того радостного дня... Нет-нет, такое забыть невозможно...

...На высоте в тысячу метров в белом огромном лайнере аксакал Сафи так глубоко предался воспоминаниям, что на глаза невольно навернулись слезы. Наспех полез в карман за носовым платком...

Да, незабываемо. До мельчайших подробностей перед глазами, будто и не отделяют от того дня шестьдесят шесть лет. Вон, Жауылбай, у которого с усов капало черное масло... Он, радуясь, точно, как ребенок, бежал к нам навстречу, как-то пытаясь измазать его (Сабыра) лицо нефтью, а перепачкал всего до ушей. И он (Сабыр), специально окунув руки в черную жидкость, устремился к нам. Эта радость сделала их детьми, она стерла возрастные грани. А у скважины буровики мазали друг друга нефтью, радуясь удаче. В тот год Сабыру перевалило за пятьдесят лет, но все забыли о почтении к его возрасту, пачкая черным маслом с головы до ног. Джигиты на радостях даже его торчащую бороду измазали. Но Сабыр не обижался, потому что это стало традицией среди нефтяников, и он старался кого-то изловить, чтобы лицо измазать нефтью...

(Из воспоминаний С.Утебаева, 2005 г.)

Из книги «100 лет месторождению Макат. Зарождение и становление нефтяной промышленности Казахстана»

## Кайырымдылық

## ОЛАРДЫҢ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУСІЗ



Қарашуңгілден басталған тарихи сапар ембіліктердің төл тарихын Отанымыздың шежіресіне алтын әріптермен жазды. Компания өндірістің мерейтойын өнерге, өңір әлеуметіне арналған әдемі іс-шаралармен, қайырымдылық, қамқорлық істермен ұштастыруды жөн көрді. Осы уақытқа дейін де аталмыш компания мүмкіндігі шектеулі, тұрмыстың қиындығына тап болған бүлдіршіндерге көмек қолын созып, дертінен айығуына жәрдемдесіп келеді.

Соның айғағындай, Балалар жылына орай «Құрманғазы» мәдениет үйінде компания қызметкерлері және мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен «Балалық шақтың бақытты аралы» атты қайырымдылық концерті өтті.

Шарада «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі балалармен жұп болып, мәдениет үйі сахнасында ән салып, өнерлерін ортаға салды. Атап өтейік, бұл – Ембінің осы бағыттағы алғашқы қайырымдылық шарасы емес. Осыдан 5 жыл бұрын Ембінің 95 жылдығына да осындай қайырымдылық кеші өткен болатын.

- «Ембімұнайгаз» компаниясының 100 жылдығына арналған шаралар легі жалғасуда. Ерекше балалар компания қызметкерлерінің үнемі қамқорлығында келеді. Бүгінгі шараның мақсаты ембіліктер мен ерекше балалардың арасындағы байланысты нығайта түсіру. Осы орайда, біздің ұсынысымызды қабыл алып, сахнада өнерлерін көрсетіп, тамаша кештің куәсі болуға мүмкіндік жасаған балалар мен олардың ата-аналарына алғысымызды білдіреміз. Мерейтойға арналған шараларымыз әлі де жалғасын табатын болады, - дейді **ЕМГ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық КАЛИДУЛЛИН**.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №4 Забурын цехының геологі Ира Гилманова Нұрислам Амарханұлымен «Әке мен ана» әнін нақышына келтіріп, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ геология және мұнай-газ кен орындарын

игеру бөлімінің геологі Гаухар Насиболатқызы Рита Раушанмен бірігіп, «Көңілді кеш» әнін тамаша орындады.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ Алтыкөл кен орны №1 бригадасының сусыздандыру-тұзсыздандыру қондырғысының операторы Жасталап Жұмағалиев пен Алтынай Темірханова дуэтте «Аққу-арман» әнін көрерменге тарту етіп, залға жиналғандар ілтипатына кенелді. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ шаруашылық меңгерушісі Зәмзия Мирманова мен Әбдірәлі Нұрбергенұлы «Жылыойым – жырдың мекені» әнін айтып, көрермен қошеметіне ие болды.

Патриоттық рухты «Туған жер» әнін орындаған «Ембімұнайэнерго» басқармасы «Қайнар» аудандық электрторабының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері Жолдас Діламағамбетов пен Дания Диндербайдың өнері көптің көңілінен шықты.

Орталық басқару аппараты жобалау-сметалау жұмыстары жөніндегі аға инженері Гүлмира Майлыбаева мен Нұрайым Мамбеталинаның орындауындағы «Ана мен бала» әнін орындап, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының» іс-қағаздарын жүргізуші Лаура Максудова Жасмин Шакировамен өзбек биін мың бұрала билеп, жиналғандарға керемет көңіл-күй сыйлады.

«Ембімұнайгаз» компаниясының дер кезінде созылған көмек қолы бірнеше бүлдіршінді ауыр дерттен арашалап қалды. Үлкен сынды батырларша қайыспай көтерген Жанель Жұмағалиеваның сауығып

кетуі үшін Ембімұнайгаз көмекке келді. 2014 жылы бауыр дертіне шалдығып, үлкен сынаққа ұшыраған ол ата-анасымен бірге осы кештің құрметті қонағы болды. Шара барысында ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова кеш қонақтарына арнайы сый-сияпат табыстап, шараға қатысушыларды Алғыс хатпен, сыйлықтармен марапаттады.

## Мұнайшылардың көңілді әні

Жиын барысында тағы бір тарихи сәт орын алды – қарт Ембінің 100 жылдығына орай арнайы шығарылған гимннің тұсауы кесілді. Мереке қарсаңында ел ырысына айналған «қара алтынның» қайнарын меңгерген, ерен еңбектің, қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсетіп жүрген ембілік мұнайшылар туралы тербейтін ән шығару бастамасы көтерілген болатын. Міне, қайратты ембілік мұнайшыларға арналған әнұран алғаш рет сахнада орындалды. Талай ән мен жырға, дастандарға арқау болған мұнайшылардың мәртебесін көтеруге арналған Гимннің авторлары – жергілікті өнер иелері. Гимннің сөзін жазған, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Махамбет сыйлығының иегері, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты - Әлия Дәулетбаева, музыкасын жазған - белгілі композитор, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Болат Қошаманов.

Компания қызметкерлерінен құралған топ ембілік мұнайшыларды қанаттандыратын әнді нақышына келтіріп орындады.

Ғасырлық тарихы бар кәсіпорынның мерейлі жасына рналып шыққан туынды әлі де талай жылдар бойы мұнайшылардың көңілді әні боларына сеніміміз мол.

- 2014 жылы отбасымызға үлкен сынақ түсіп, үміттен қол үзе бастап, қиналған шағымызда, «Ембімұнайгаз» компаниясынан көмек сұраған едік. Қызымызды әуелі Құдай, содан кейін «Ембімұнайгаз» аман құтқарып қалды десек, артық айтқандық емес. Бір жылдан кейін үйіміз суға кеткенде де ембіліктер көмекке келді. Сондықтан, ембілік мұнайшыларға ерекше алғысымызды білдіреміз және мерейлі ғасырлық тойымен құттықтаймыз. Еңбектеріңіз жана берсін! – дейді Жанельдің анасы Лидия ОТТЕНБАХЕР.

## Марапат

## «ҮЗДІК МАМАН-2022»: БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ -ның 100 жылдығына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Үздік маман-2022» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңі өткені жөнінде жариялаған болатынбыз. Өз өндірістік бөлімшелерінен топ жарып, суырылып шыққан мұнайшылар арасындағы байқау 2 күнге созылды.

Білім мен біліктілік сынға түскен байқау нәтижесімен «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру Басқармасы үздіктердің үздігі атанып, 9 қызмет түрінен болған сайыстың 6-уынан жеңіске жетіп, командалық есеп бойынша 1 орынды иеленген еді. Өткен аптада «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ұжымы «Үздік маман» байқауы жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне құрмет көрсету мақсатында Құлсары қаласындағы «Кең Жылыой» мәдениет үйінде аудандық өнерпаздардың қатысуымен салтанатты шара ұйымдастырды.

Басқарма бастығы Ғибатолла Шанаев байқауда теориялық тұрғыда білімдерін

айқын көрсетіп, кәсіби тапсырмаларды орындауда тәжірибелі екендіктерін байқатып, топ жарған мұнайшыларды ұжым атынан құттықтап, бағалы сыйлық пен Алғыс хат табыстады. Сонымен қатар, алда өтетін «Үздік маман-2022» кәсіби шеберлік байқауының III кезеңінде Ембінің намысын қорғап, жақсы нәтиже көрсететіндеріне сенім білдірді.

Басқарма ұжымын бастап барған бас инженер Ерлан Қондыбаев «Үздік маман» байқауының кубогын сахна төріне көтеріп, басқарма басшысына табыстады. Сондайақ, өз баяндамасында ол арнайы құрылған қазылар қатысушылардың әрбір қадамын



сараптап, берілген тапсырманың кәсіби деңгейде әрі сапалы орындалуына, техникалық қауіпсіздіктің сақталуына назар салғанын жеткізді.

Кеш барысында сөз алған Кәсіподақ ұйымының төрағасы Қазы Бисенов жүлдегер сайыскерлерді дайындаған тәлімгерлерге алғысын білдіріп, оларға Құрмет грамотасын табыстады.

Басқарма бастығының орынбасарлары Балмаш Жақыбаева мен Сырымбек Сәрсембаев, ардагерлер ұйымының төрайымы Мұстахима Исаинова бұл жеңіс ұжымның бірлігінің нақты көрінісі мен ортақ жетістік екенін баса айтты.

Салтанатты кеш соңы концерттік бағдарламаға ұласты.



## ТАРТЫСТЫ ТЕҢБІЛ ДОП ДОДАСЫ



**Компанияның 100 жылдығына орай «Атырау» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде «Ембімұнайгаз» АҚ Кубогі үшін 13 жасар балалар арасында футзалдан жарыс өтті.**

Үш күнге созылған тартысты бәсекеге 8 команда қатысты. Атап айтсақ, **Атырау облысынан** - «Қызылқоға» командасы (Қызылқоға ауданы), «Майкөмген» командасы (Жылыой ауданы), «Мақат» командасы (Мақат ауданы), «Бейбарыс» командасы (Махамбет ауданы) және «Құрманғазы» командасы (Құрманғазы ауданы), **Маңғыстау облысынан** - «Ақшұқыр» командасы (Ақтау қаласы), «Қыран» командасы (Жаңаөзен қаласы) және «FC Академия» командасы (Жаңаөзен қаласы).

Жарыстың ашылу салтанатында «Ембімұнайгаз» АҚ бас технологы Марат Елеусинов қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

- Елімізде футбол спорты қарқынды дамуда. Ұлттық құрамамыз дүние жүзінде жақсы көрсеткіштер көрсетіп келеді. Бүгінгі қазақ мұнайының қарашаңырағы Ембі кубогы үшін жарысқа қатысып жатқан командалардың ойыншыларын болашақта ұлттық құрама сапынан көреміз деген ниет зор, - деп атап өтті М.Елеусинов.

Қола жүлде үшін «Қызылқоға» мен «Майкөмген» командалары арасындағы ойынның негізгі кезеңі 4:4 есебімен тең аяқталып, пенальти сериясында қызылқоғалықтар 5:4 есебімен жеңіске жетті.

Ал, финалдық ойында «Мақат» және «Ақшұқыр» командалары кездесті. Мақаттық жас ойыншылар қарсылас қақпасына 5 гол соғып, жарыс жеңімпазы



атанды. Есеп - 5:0. Осы орайда, хет-трик авторы атанған Қалдыбек Орынбаевты ерекше атап өткен жөн.

Жарыс жүлдегерлерін ЕМГ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин 400 000, 300 000, 200 000 қаржылай сертификатпен, кубок, медальдармен марапаттады.

Турнир соңында үздік ойыншылар да анықталды:

**Үздік қақпасы** - Илияс Әсиетжан - «Майкөмген» командасы;

**Үздік сұрмерген** - Нұрәлі Жексенғали (10 гол) - «Қызылқоға» командасы;

**Үздік қорғаушы** - Шахмардан Демесін - «Ақшұқыр» командасы;

**Үздік шабуылшы** - Қалдыбек Орынбаев - «Қызылқоға» командасы;

**Үздік ойыншы** - Расул Ерболұлы - «Мақат» командасы;

**«Жарыстың көзайымы»** - Мейіржан Ринатұлы - «Ақшұқыр» командасы;

Үздік ойыншылар да арнайы сыйлықтармен марапатталды.

### Кәсіби мереке

### МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН ІЗГІЛІК ЖАРШЫСЫ

**Құрметті ақ халатты абзал жандар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!**

Адам өмірінің арашасы болу - бүгінде ең қадірлі мамандық. Дәрігерлер науқасты емдеп қана қоймай, оның жанын түсініп, жылы сөзбен дем беріп, мейірімге бөлейді. Дәрігер мамандардың еліміздегі денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі ұшан теңіз. Әсіресе, медицина мамандарының пандемиямен күресте өздерінің жанын аямай, айлап бала-шағасының жүзін көрмей еңбек еткенінің куәсі болдық. Дәрігердің еңбегі ерен екенін осы күрделі кезеңде шын сезіндік.

«Ембімұнайгаз» АҚ жұмысшылардың денсаулығын сақтауда бірқатар медициналық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Бұл әріптестік байланыс алға қарай да нығая бермек.

Сіздерге зор денсаулық, толайым табыс және отбасы амандығын тілейміз! Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Ізгі тілекпен, «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы**

**Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ**

**Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі**  
**Бас редактор: А. Ертлеуова**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы** - 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова - 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова - 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

И.Сатылғанова - 8 (7122) 99-34-64; 21-166

I.Satylganova@emg.kmger.kz

**Баспахана:**

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**Р.Тасмағамбетова** - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Қ.Қасымғалиев** - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

**Г.Шарафетдинова** - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

**Т.Сәрсенов** - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Қ.Калидуллин** - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

**Ж.Мұқанғалиев** - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

**Ғ.Қаражанова** - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

**Ж.Дәуітов** - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.